
	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-2.11-2023
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	30.11.2023
		Бет 1-6

ҒЫЛЫМ АПТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Алматы
2024 ж.


	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-2.11-2023 30.11.2023
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 2-6

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми-редакциялық бөлімі
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «30» қараша 2023 жылы №4 хаттама № 2 баспа
- 3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ** №1баспаның орнына 28.11.2023 ж.
- 4.МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ** 3 жыл

Мазмұны

1. Қолдану саласы
2. Нормативті сілтемелер
3. Терминдер мен анықтамалар
4. Ғылым апталығын өткізу мақсаттары, міндеттері және формасы
5. Ғылым апталығына қатысу
6. Ғылым апталығының басшылығы
7. Қорытындылау
8. Өзгеріс енгізу тәртібі
9. Танысу парағы

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.11-2023 30.11.2023
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 4-13

«Темірбек Жүргенов атындағы
 Қазақ ұлттық өнер академиясы»
 РММ Ғылыми кеңесінің
 шешімімен бекітілді
 «_30_» қараша 2023 жыл
 №_4_ хаттама



«Ғылым апталығы» туралы Ереже

1. Қолдану саласы

1. «Ғылым апталығы» туралы Осы Ереже ҚР МСМ-нің «Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-де жыл сайынғы «ҒЫЛЫМ АПТАЛЫҒЫНЫҢ» мазмұнын, нысанын және өткізу тәртібін айқындайды.
2. Осы Ереженің талаптары «Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ (бұдан әрі - Академия) барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.

2. Нормативті сілтемелер

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

3. 27.07.2007 ж. №319-111ҚР «Білім беру туралы» заңы;
4. 2016-2019 ж.ж. ҚР білім беру мен ғылымның Мемлекеттік даму бағдарламасы;
5. «Білім берудің деңгейлеріне тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.
6. ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 2 маусымдағы №198 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» бұйрығы;
7. «Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы;
8. ҚР МСМ «Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ жарғысы.

3. Терминдер мен анықтамалар

1. ҚР БҒМ – ҚР Білім және ғылым министрлігі
2. ҚР МСМ – ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
3. ҚазҰӨА – Т.Жүргенов ат. Қазақ ұлттық өнер академиясы

Форум – қандай да бір жеткілікті дәрежеде жаһандық проблемаларды белгілеу немесе шешу үшін өткізілетін іс-шара. Бұл ұғым саяси, экономикалық, әлеуметтік, діни, экологиялық және қазіргі қоғам өмірінің көптеген басқа салаларында кездеседі.

Симпозиум – кез-келген ғылыми мәселе бойынша жиналыс, ғылыми конференция (әдетте әртүрлі елдердің өкілдерінің қатысуымен).

Постерлік баяндамалар – ірі конференцияда ғылыми зерттеу нәтижелерін ұсынудың жақсы дәлелденген түрі. Автор өз материалын жазбаша түрде көрсетеді, әріптестер онымен танысуға және мәліметтермен танысу процесінде тікелей сұрақтар қоюға мүмкіндік алады.

4. Ғылым апталығын өткізу мақсаттары, міндеттері және формасы

9. «Ғылым апталығы» жеке және кәсіби өсудің маңызды бағыты ретінде ғалымдардың зияткерлік, танымдық қажеттіліктерін дамытуды қамтамасыз ететін білім беру процесі мен ғылыми-зерттеу қызметінің белсенді инновациялық технологиясы болып табылады.

10.«Ғылым апталығы» жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференцияны, мастер-класстарды, шығармашылық шеберханаларды өткізудің тиімді нысандарының әлеуетін интеграциялайды және шығармашылық, зерттеу және практикалық қызметтің барлық түрлеріндегі жетістіктерді байқау болып табылады.

11. «Ғылым апталығы» келесі **міндеттерді** шешеді:

- 1). ғылыми және зерттеу қабілеттерін көрсету;
- 2). жас ғалымдардың ғылыми ізденіске деген ұмтылысын қалыптастыруға ықпал ету;
- 3). білімді, дербес ғылыми шығармашылықты интеграциялау жолымен ғылыми және практикалық мәселелерді шешу алгоритмдері мен технологияларын жүйелі модельдеу, логикалық ойлауды дамыту;
- 4). Академия қызметіндегі ғылымның ролін күшейту, ҚР мен Орталық Азияның мәдениет пен өнер саласындағы жетекші ғылыми-зерттеу орталығы ретіндегі академияның беделін нығайту.

5. Ғылым апталығына қатысу

12. «Ғылым апталығы» жыл сайын сәуір айында өткізіледі. Осы «Аптада» Академияның оқытушылық-профессорлық құрамы (ОПК), докторанттар

мен магистранттар, студенттер және басқа да жоғары оқу орындары мен елдерден шақырылған ғалымдар қатысады;

13. «Ғылым апталығын» өткізудің негізгі формалары ғылыми-тәжірибелік конференциялар, ғылыми форум, симпозиум, дөңгелек үстел, диспуттар, постерлік баяндамалар, ғылым қайраткерлерімен кездесулер болуы мүмкін.

14. «Ғылым апталығына» қатысу шарттары ақпараттық хатпен танысу, ғылыми жинақта жариялау үшін де, ғылыми аудитория алдында сөйлеу үшін де ғылыми баяндама дайындау болып табылады.

6. Ғылым апталығының басшылығы

15. «Ғылым апталығы» шеңберіндегі іс-шаралардың мазмұны, сондай-ақ олардың өткізу формалары Академиялық кеңестің отырысында талқыланып, бекітіледі және кафедраларға Ректордың өкімі түрінде жеткізіледі;

16. Ғылым апталығын дайындауға және өткізуге жалпы басшылықты Академия Ректорының бұйрығымен бекітілген ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады;

17. Ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып Ректор тағайындалады;

18. Ұйымдастыру комитеті келесі қызмет атқарады:

1). Жұмыс құрылымын бекітеді;

2). Академия білім алушыларының, ғалымдарының және шақырылғандардың баяндамалар мен сөз сөйлеулерді дайындауға қатысуын ұйымдастырады;

3). «Ғылым апталығы» бағдарламасын қалыптастырады, кафедралардың дайындық жұмыстарын үйлестіреді, қойылған міндеттердің орындалуына бақылауды қамтамасыз етеді;

4). Постерлік баяндамалар бойынша конкурстық комиссия құрады;

5). Қоғамның, бұқаралық ақпарат құралдарының назарын аударады;

6). Ғылым қайраткерлері мен постерлік баяндамалар бойынша жалпы комиссия өкілдерін шақырады;

7). «Ғылым апталығының» белсенді қатысушыларын марапаттайды.

7. Қорытындылау


19. «Ғылым апталығын» өткізуге дайындықтың белсенді қатысушыларын, конкурстардың жеңімпаздарын қорытындылау және марапаттау Академияда «Ғылым апталығы» іс-шарасын аяқтайтын салтанатты рәсімде өтеді.

20. «Ғылым апталығы» аяқталғаннан кейін кафедралардан жауаптылар үш күн мерзімде ғылыми-баспа бөліміне «Ғылым апталығы» шеңберінде іс-шараларды өткізу туралы есептерді электрондық және қағаз нұсқада фото қосымшамен тапсыруға міндетті.

8. Өзгеріс енгізу тәртібі

21. Ережеге өзгерістер қажеттілігіне қарай енгізіледі. Бұл ереже жаңасына ауыстырылғанға дейін жарамды.

Ғылыми - редакциялық бөлімінің басшысы



Рамаданова Ж. Д.


Келісілді:

Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор



Халыков К. З.

ЖООКББО басшысы



Кульшанова А. А.

Заң бөлімінің басшысы



Сейтбекова Г. Д.